

III МОДУЛЬ ОТБАСЫ

4-сабақ Сіздің мамандығыңыз кім?



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

сала
білім
қиын
оңай
қызықты

жоғары
жұмыс орны
мамандығы бойынша
кеңсе меңгерушісі
жетекші маман



2. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Сіздің мамандығыңыз кім?
Менің мамандығым — заңгер.



Менің атым — Фархат.
Мамандығым — заңгер.
Облыстық сотта кеңсе
меңгерушісімін.
Жасым 39-ға.



Менің аты-жөнім —
Алмагүл Ақмашқызы
Мамандығым — филолог.
Соттар әкімшісінде
жұмыс істеймін.
Жасым 32-ге.



Мен Қайратпын.
Мамандығым — заңгер.
Облыстық сотта судьямын.
Жасым 49-ға.



3. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

Алмагүл Ақмашқызының
мамандығы кім?
Оның жасы нешеге?
Ол қайда жұмыс істейді?
Қайраттың мамандығы кім?
Ол қайда жұмыс істейді?



4. Кестені толтырыңыз.



		Фархат	Алмагүл	Қауірат
Мамандығы	заңгер			+
Жұмыс орны	облыстық сот			
Жасы	49-қа			
Жұмыс орны	облыстық сот			
Жасы	32-ге			
Мамандығы	қаржыгер			
Жұмыс орны	қаржы бөлімі			
Жасы	39-қа			



5. Мәтінді оқыңыз.

Менің аты-жөнім – Төлеген Жабықпаұлы. Мамандығым – заңгер. Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотында жұмыс істеймін. Мен судьямын. Жасым 43-те. Еңбек өтілім 20 жыл. Білімім жоғары. Отбасым бар.



6. Мәтін бойынша ақпаратты жазыңыз.



Төлеген Жабықпаұлы

Жасы _____

Мамандығы _____

Лауазымы _____

Еңбек өтілі _____

Білімі _____

Жұмыс орны _____



7. Үлгінің көмегімен сұрақтарға жауап жазыңыз.

Сенің мамандығың қаржыгер ме?
 Иә, менің мамандығым қаржыгер.
 Жоқ, менің мамандығым қаржыгер емес.

Сенің мамандығың заңгер ме?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

Сіздің мамандығыңыз прокурор ма?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

Сіздің мамандығыңыз экономист пе?

Иә, _____.

Жоқ, _____.

Ол заңгер ме?

Иә, _____.

Жоқ, _____.



8. Бос орынды толтырыңыз.

1. Сен кім болып жұмыс істейсің?

Мен _____ жұмыс істеймін.

2. Сіз кім болып жұмыс істейсіз?

Мен _____ жұмыс істеймін.

3. Ол кім болып жұмыс істейді?

Ол _____ жұмыс істейді.



9. Сұрақ қойыңыз.

Үлгі:

Сен заңгер болып жұмыс істейсің бе?

Иә, заңгер болып жұмыс істеймін.

Жоқ, заңгер болып жұмыс істемеймін.

Иә, қаржыгер болып жұмыс істеймін.

Жоқ, мен қаржыгер емеспін.

Иә, судья болып жұмыс істеймін.

Жоқ, мен судья емеспін.

Иә, адвокат болып жұмыс істеймін.

Жоқ, мен адвокат емеспін.

Иә, кеңсе меңгерушісі болып жұмыс істеймін.

Жоқ, мен кеңсе меңгерушісі емеспін.



10. Мәтінді оқыңыз.

Бұл – менің отбасым. Отбасымда 6 адам бар. Менің атым – Мақсат. Жасым 40-та. Мамандығым – заңгер. Әйелімнің аты – Сабира. Ол 38 жаста. Мамандығы – мұғалім. Үлкен ұлымның аты – Сейілжан. Ол 21-ге. Ол – болашақ қәрігер және Бекхан, Аиша, Аибын деген балаларым бар. Менің отбасым шағын.



11. Дұрыс (+), бұрыс (-) белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс (+)	бұрыс (-)
Менің отбасымда 6 адам бар.	✓	
Менің атым – Мақсат.		
Әйелімнің мамандығы – заңгер.		
Үлкен ұлым – Аибын.		
Әйелім 38 жаста.		
Өзімнің мамандығым – қаржыгер.		
Ұлым – қәрігер.		



12. Сұқбатты оқыңыз.

Ақнұр Сәлем, Мақина!
 Мақина Сәлем, құрбым!
 Ақнұр Қалың қалай?
 Мақина Жақсы, өзің қалайсың?
 Ақнұр Жаман емес.
 Мақина Қайда жұмыс істейсің, Ақнұр?
 Ақнұр Мен Қазыбек би аудандық сотында жұмыс істеймін.
 Мақина Кім болып жұмыс істейсің?
 Ақнұр Кеңсе меңгерушісі болып жұмыс істеймін. Ал өзің ше?
 Мақина Мен прокуратурада аудармашы болып жұмыс істеймін.
 Ақнұр Кездескенше, Мақина!
 Мақина Жұмысыңа сәттілік тілеймін. Сау бол!



Мақина



Ақнұр



Қайда жұмыс істейсің?
 Кім болып жұмыс істейсің?



13. Суретке қарап сәйкестендіріңіз.

А. Менің атым – Әлібек. Мен прокуратурада прокурор болып жұмыс істеймін. ()



1

Б. Менің аты-жөнім – Гүлмира Маратбекқызы. Мен қағр бөлімінде бас маман болып жұмыс істеймін. ()



2

В. Мен Ерланмын. Полиция департаментінде тергеуші болып жұмыс істеймін. ()



3

С. Менің атым – Ақнұр. Мен қаржы бөлімінде қаржыгер болып жұмыс істеймін. ()



4

Ә. Мен – Айтқамал Тоқтамысқызы Қазтаевамын. Облыстық сотта судья болып жұмыс істеймін. ()



5

Ғ. Менің аты-жөнім – Мақина Қанашқызы. Мен тілдергі оқыту орталығында жұмыс істеймін. ()



6



14. Сөйлемдерге сұрақ қойып жазыңыз.

_____?
Менің мамандығым – заңгер.

_____?
Арманның мамандығы – прокурор.

_____?
Оның мамандығы – қәрігер.

_____?
Айғанымның мамандығы – қаржыгер.

_____?
Мақинаның мамандығы – оқытушы.